

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

"Қазақстан қор биржасы" АҚ
Басқармасының шешімімен
(2018 жылдың 14 наурызындағы
№ 24 отырыс хаттамасы)

б е к і т і л д і

2018 жылдың 15 наурызынан бастап
қолданысқа енгізілді

Экологиялылық, әлеуметтік жауапкершілік және корпоративтік басқару критерийлері бойынша есеп құрастыру **Ә Д І С Т Е М Е С І**

Алматы қ.
2018

М А З М Ұ Н Ы

1 - тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	
1. Негізгі мақсаттар мен Әдістемені пайдаланушылар	4
2. Әдістемеде қолданылатын стандарттар	4
2 - тарау. ESG ЕСЕБІН ДАЙЫНДАУ, МАЗМҰНЫ МЕН ҰСЫНУ ТӘРТІБІ	5
1. ESG есебін дайындаудың жалпы қағидалары	5
2. ESG есебінің мазмұны	6
3. ESG есебін ұсыну	8
3 - тарау. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ КРИТЕРИЙЛЕРІ БОЙЫНША АҚПАРАТ	8
1. Пайдаланылған материалдар	8
2. Өнімдер мен қызметтер	8
3. Қалдықтарды басқару	8
4. Суды пайдалану	9
5. Энергияны пайдалану және энергия тиімділігі	9
6. Ластаған заттардың апаттық және тұрақсыз лықсымалары	9
7. Ағын суларды лықсымалау	9
Парник газы және басқа да ауаны ластайтын заттардың қалдығы	9
8. Қоршаған орта	10
9. Биологиялық түрлілік	10
10. Экологиялық талаптарға сәйкестігі	10
4 - тарау. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК КРИТЕРИЙЛЕРІ БОЙЫНША АҚПАРАТ	10
1. Жұмыспен қамту	11
2. Денсаулық және жұмыс орнындағы қауіпсіздік	11
3. Дайындық және білім алу	11
4. Өр түрлілік және тең мүмкіндіктер	11
5. Еңбек қатыныстарының тәжірибесі	11
6. Ықпал ету ортасындағы тең мүмкіндіктер	11
7. Жемқорлыққа қарсы әрекет	12
8. Заң талаптарына сәйкес келуі	12
9. Өнімге жауапкершілігі	12
10. Жеткізушілер	12
11. Тұтынушылардың жеке өмірі	12
5 - тарау. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ БОЙЫНША АҚПАРАТ	13
1. Ұйымның корпоративтік басқару жүйесі	13
2. Ұйымның корпоративтік басқару құрылымы	13
3. Ұйымның Директорлар кеңесі (қадағалау кеңесі)	13
4. Ұйымның алқа атқарушы органы	14
5. Ұйымның ұйымдастыру құрылымы	14
6. Сыйақы туралы ақпарат	14

**Экологиялық, әлеуметтік жауапкершілік және корпоративтік басқару
критерийлері бойынша есеп құрастырудың әдістемесі**

7.	Ұйымның акционерлері (қатысушылары)	14
8.	Еншілес және бағынысты компаниялар	15
9.	Дивидендтер туралы ақпарат	15
10.	Миноритарлық акционерлердің құқығы	15
11.	Ірі мәмілер туралы ақпарат	15
12.	Ақпараттық саясат	15
13.	Тәуекелді басқару	15
14.	Ішкі бақылау және аудит	16
15.	Мүдделі тараптармен өзара әрекет ету	16
1-қосымша.	Жалпы экологиялық және әлеуметтік мәселелерге қатысты қызмет көрсеткіштерінің тізімі	17
2 -қосымша.	Корпоративтік басқару бойынша қызметтің негізгі көрсеткіштері тізімі	20
3-қосымша.	ESG салалаық маманданымы бойынша басшылық	22

Осы Әдістеме "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) Халықаралық қаржы корпорациясының (IFC) қолдауымен, биржалар, инвесторлар және реттеушілер арасында ынтымақтастықты нығайтуға себептесетін, Биржаның Бірікке Ұлттар Ұйымының "Тұрақты қор биржалары" Бастамасына қосылу аясында әзірленді.

1 тарау. ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР

1. Осы Әдістеменің негізгі мақсаттары мен пайдаланушылары.

Компаниялардың экологиялық, әлеуметтік ақпараттарды және корпоративтік басқару бойынша ақпаратты қаржылық есеп берушілікпен қатар ашуы инвесторлар мен акционерлер үшін мағынасы зор. Интеграцияланған есеп берушілікті пайдалану компанияның қызметіне адекватты бағалалауға және оның болашақта тиімділігін бағалауды, компанияға қатысты ұзақ мерзімді кезеңге негізделген шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.

Осы Әдістеме экологиялық, әлеуметтік жауапкершілік және корпоративтік басқару критерийлері бойынша есеп құрастыру бойынша нұсқаулық болып табылады – Environmental, Social and Governance (бұдан әрі – ESG есебі) мақсаты компаниялардың корпоративтік басқарудың және тәуекелдерді басқарудың тиісті жүйелерін қалыптастыруға, Қазақстан Республикасында инвестициялық климатты жақсарту, соның ішінде шетелдік инвесторлар үшін компаниялардың тартымдылығын арттыруға, ұзақ мерзімді инвестициялауды қамтамасыз ету және компаниялардың ақпараттар ашу деңгейін арттыруға себептесу болып табылады. Бұдан басқа, осы Әдістемені пайдалану Қазақстан Республикасында "БҰҰ тұрақты даму мақсаттарын" іске асыруға себептеседі.

Осы Әдістеме Биржаның, Листингілік ережелердің¹ 5.8 қосымшасында белгіленген, листингілік компаниялардың жылдық есебінде ақпараттар ашуына қойылатын талаптарымен келісіліп, олардың толықтырады.

Осы Әдістеме, акционерлік қоғамдар үшін, сондай-ақ жауапкершілігі шектеулі серіктестер үшін жарамды, және листингілік компаниялардың көлеміне және салалық тиістілігіне қарамастан, сондай-ақ Биржаның барлық санаттар мүшелері үшін ESG есебін дайындау бойынша жалпы жетекшілікті қамтамасыз етеді. Осы Әдістемені тиісті есептер дайындағанда басқа да мүдделі ұйымдар пайдалана алады.

ESG есебін құрастырып Биржаға ұсыну, Биржаның ережелерімен оның мүшелеріне, листингілік оқпанияларға және бағалы қағаздардың рұқсаттама бастамашыларының ақпараттар ашуы бойынша талаптардың міндетті бөлігі болып табылмайды (бұдан әрі осы Әдістемеді Биржа мүшелері, листингілік компаниялар және бағалы қағаздардың рұқсаттама бастамашылары ұйымдар деп аталады), бірақ ұйымдардың ақпараттар ашу деңгейін арттыру аясында ұсыну Биржамен нұсқалады.

ESG есебін ұйымның мүдделі тараптары, соның ішінде оның қызметкерлері, мемлекеттік органдардың өкілдері, серіктестері мен жеткізушілері пайдалана алады, бұл ретте негізгі мақсат ұйымның инвесторлары мен акционерлеріне пайдалы ақпараттар беру болып табылады.

2. Осы Әдістемеді қолданылған, стандарттар.

Осы Әдістеме инвесторлар мен акционерлерге ESG есебін ұсыну бойынша "Тұрақты қор биржалары" Бастамасының Типтік жетекшілігіне сәйкес әзірленген және ESG есептерін құрастыру бойынша алғы шептегі халықаралық практикасын қамтиды:

- Есептілік бойынша жаһандық бастама (GRI);
- Интеграцияланған есептілік бойынша Халықаралық Кеңес (IIRC);
- АҚШ тұрақты даму есептілік стандарттары жөніндегі кеңес (SASB);

¹ Биржаның Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2017 жылдың 27 сәуіріндегі № 15 отырыс хаттамасы), Биржаның ішкі құжаты.

- "Тұрақты қор биржалары" Бастамасы аясында көптеген елдің, соның ішінде Малайзия, Бразилия, Сингапур және Гонконг, қор биржалардың арасындағы көптеген бастамалары.

Осы Әдістеме сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау, әлеуметтік сұрақтар және корпоративтік басқару тәжірибесі саласындағы IFC стандарттарының негізінде әзірленген, және келесіні қамтиды:

- экологиялылық және әлеуметтік тәуекелдерді басқаруға IFC клиенттерінің жауапкершілігін анықтайтын, экологиялылық және әлеуметтік тұрақтылықты² қамтамасыз ету бойынша IFC қызметінің стандарттары;
- тәуекелдерді айқындау, азайту және басқару мақсатында өзекті экологиялылық және әлеуметтік саясаттар мен процедураларды басқаруды қамтитын, компанияның корпоративтік басқаруды бағалау және деңгейін жақсарту құралы болып табылатын, ESG прогрессиясының матрицасы;
- тәуекелдерді айқындау, азайту және басқару мақсатында негізгі экологиялылық және әлеуметтік саясаттар мен процедураларды басқаруды қамтитын, компанияның корпоративтік басқаруды бағалау және деңгейін жақсарту құралы болып табылатын, экологиялылық, әлеуметтік жауапкершілік және корпоративтік басқару (кешенді корпоративтік басқару) критерийлері бойынша IFC прогрессиясының матрицасы;
- қалыптасып келе жатқан нарықтардағы компаниялар мен қаржы институттарына, олардың көлемі мен ұйымдастырушылық күрделілігіне қарай, сондай-ақ олардың қызметтерінің контекстіне адаптацияланған, жан-жақты қамтылған және ең алғы шептегі интеграцияланған жылдық есептерді дайындағанда қолдау көрсету мақсатында әзірленген, ақпараттар ашу және айқындық бойынша IFC инструментарийі. Осы инструментарий стратегияға, корпоративтік басқару мен компанияның тиімділігіне, экологиялылық және әлеуметтік сұрақтардың интеграциясына қатысты елеулі ақпаратты ашу бойынша нұсқамаларды қамтиды.

Осы инструментарийлерді қолдану экологиялылық, әлеуметтік жауапкершілік және корпоративтік басқарудың тиісті критерийлерін орындаушылығын растау үшін ұйымдарға пайдалы болуы мүмкін. Атап айтқанда, IFC тиімділік стандарттары тәуекелдерді басқарудың концепциялық негіздері ретінде қолданылуы мүмкін.

ESG есептерін дайындағанда сондай-ақ ұқсас әдістемелер, мысалы есептілік бойынша Жаһандық бастаманың әдістемесі (GRI) қолданылуы мүмкін.

2 тарау. ESG ЕСЕБІН ДАЙЫНДАУ ПРИНЦИПТЕРІ, МАЗМҰНЫ ЖӘНЕ ҰСЫНУ ТӘРТІБІ

1. ESG есебін дайындаудың жалпы принциптері

ESG есебін дайындағанда ұйымдарға келесі принциптерді ұстану нұсқалады:

1) мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу.

ESG есебін құрастыратын ұйым, өз қызметі, шығаратын өнімі (өнімдері, көрсететін қызметтері) соларға елеулі ықпал ететін мүдделі тараптарды (жеке және заңды тұлғалар), сондай-ақ ұйымның өз стратегиясын табысты іске асыруына және алға қойған мақсаттарына жету қабілетіне елеулі ықпал ете алатын, компанияларды немесе тұлғаларды анықтауы тиіс;

² IFC қызметінің стандарттарымен мына сілтеме бойынша танысуға болады: http://www.ifc.org/wps/wcm/connect/Topics_Ext_Content/IFC_External_Corporate_Site/Sustainability-At-IFC/Policies-Standards/Performance-Standards.

2) елеулілік.

ESG есебі ұйым үшін де, мүдделі тараптарды қызықтыратын ESG ақпаратты ғана қамтуы тиіс. Ұйымның ақпаратының елеулігін анықтау үшін ұйымның қызметіне және оның мүдделі тараптарының елеулі ықпалын тигізетін ішкі және сыртқы факторларының комбинациясын қолдану керек. Ақпараттың елеулігі ұйымның географиялық орналасқан жері, оның өндірістік секторына, қолданатын бизнес-моделінің және өоршаған ортаға ықпалына байланысты болуы мүмкін.

ESG есебінде, ұйым өзінің қызметін жүзеге асыратын, аймақтың, және жалпы елдің экономикасына, қоршаған ортаға және қоғамға, ұйымның бағалауларына және шешімдеріне және оның мүдделі тараптарына елеулі ықпалын тигізетін, аспектілер туралы мәліметтер келтіру керек.

Елеулі ESG ақпаратын анықтау процедураларын ашу нұсқалады;

3) толықтық.

ESG есебінің көрсеткіштері мен мазмұны ұйымның экономикаға, қоршаған ортаға және қоғамға ықпалын көрсететіндей жеткілікті болуы тиіс және мүдделі тараптарға ұйымның қызметінің есептік кезеңдегі қызметінің нәтижелерін бағалауға мүмкіншілік беруі тиіс. Толықтық үш негізгі өлшемді қамтиды – есеп берушіліктің қамту аясы, және шекаралары және уақыт шектері. Толықтық түсінігі ақпараттар жинау әдісіне қатысты қолданылуы мүмкін;

4) салыстырмалылық.

ESG есебін пайдаланатын, мүдделі тараптар ұйым қызметінің экономикалық, экологиялылық және әлеуметтік нәтижелері туралы ұсынылған ақпаратты алдыңғы кезеңдермен, оның мақсаттарымен, сондай-ақ басқа ұйымдардың қызметінің нәтижелерімен салыстыруға мүмкіншілігі болуы тиіс;

5) растылығы.

ESG есебін дайындағанда қолданылатын ақпараттар мен үдерістер, мүдделі тараптар осы есепте мазмұндалған ақпаратты тексере алатындай және мазмұнының растығы деңгейін бағалай алатындай, жиналып, құжатталып, құрастырылып, талданып, ашылуы тиіс. Ақпарат сапалық сипаттаулармен және сандық мәліметтермен көрсетілуі мүмкін;

6) уақытылылық.

ESG есебі мүдделі тараптардың ақпараттандырылған шешімдер қабылдауы үшін, оперативті және тұрақты негізде ұсынылуы тиіс. Есептің уақытылылығы есеп берішіліктің тұрақтылығына да, ESG есебін шығару кезеңіне де және онда мазмұндалған нақты уақиғаларға қатысты болады;

7) айқындық.

ESG есебіндегі ақпарат мүдделі тараптар үшін түсінікті және қолжетімді нысанда ұсынылып, негізгі жерлеріне назарды аударатындай және оқуға ыңғайлы ететіндей, қысқа да нұсқа мазмұндалуы тиіс.

ESG есебін қалыптастырғанда ақпаратты қабылдауды жеңілдету үшін кестелерді, графиктерді, диаграммаларды, сызбаларды, сондай-ақ, сандық көрсеткіштерді анықтау бойынша есептеулер мен әдістемелерді қолдану нұсқалады;

2. ESG есебінің мазмұны.

ESG есебінде ұйымның елеулі экологиялылық және әлеуметтік ықпалды басқаруға қатысты, немесе осы ұйымның үшінші тараптармен (жеткізушілермен, тұрғындармен, түрлі ұйымдармен) қарым-қатынастары себебімен оның қызметімен байланыстыруға болатын қысқа мерзімді, орта мерзімді және ұзақ мерзімді кезеңге жалпы түсінігі мен стратегиясын сипаттау керек.

ESG есебіне келесі ақпаратты енгізу нұсқалады:

- ұйымның қызметінің экологиялық және әлеуметтік аспектілеріне қатысы бар, қысқа мерзімді және орта мерзімді кезеңдерге өзекті проблемалар;
- ұйымның және оның тұрақты дамуы саласындағы приоритеттеріне ықпал ететін, макроэкономикалық немесе саяси тенденциялар;
- есептік кезеңдегі алға қойылған мақсаттарға қатысты ең маңызды уақиғалар, тұрақты даму сұрақтарындағы ұйым қызметінің нәтижелері;
- ішкі және сыртқы мүдделі тараптарға ықпалын тигізетін, өзекті экологиялық және әлеуметтік факторларды бағалау әдісі, сондай-ақ осының барлығы ұйым қызметінің көрсеткіштеріне, оның стратегиясына және тәуекел бейініне әсері;
- жалпыға ортақэкологиялық және әлеуметтік талаптардың, ұйымның нақты операциялық контекстінен, оның саласынан және географиялық орналасқан жерінен шыға отырып, ұйымға ықпалын талдау;
- елеулі деп сипатталатын, экологиялық және әлеуметтік проблемалардың әрқайсысы бойынша ұйым қызметін талқылау және талдау, компанияның стратегиясына және оның операциялық және қаржылық көрсеткіштеріне ESG факторларының ықпалы;
- қоғам үшін әлеуметтік пайданы арттыруға және ұйым қызметіне, өніміне және көрсететін қызметтеріне, сондай-ақ жеткізушілер тізбегіне, экологиялық және әлеуметтік жағымсыз салдарды азайтуға бағытталған, ұйымның күш салуы (соның ішінде саясаты, стратегиясы және менеджмент жүйесі), ұйым үшін елеулі деп анықталған, сұрақтарға ерекше назар аударумен;
- экологиялық және әлеуметтік проблемалармен байланысты тәуекелдерді, салдарды және мүмкіншіліктерді анықтау және басқарудың жүйелі үдерісі, соның ішінде әлеуметтік және экологиялық басқару жүйелері;
- қызметтің тиімділігі мен нәтижелерін бағалау, соның ішінде осы Әдістеменің 1, 2 және 3 қосымшаларында мазмұндалған қызметтің өзекті көрсеткіштерін (KPIs) қолдану есебінен.

ESG есебінің мазмұнын анықтағанда, ұйым келесідей тәсілдемелерді ұстанған жөн:

- ұйым үшін елеулі аспектілерді қалыптастыру және олардың қызметке, өнімге, көрсетілетін қызметтерге және мүдделі тараптармен өзара әрекеттестікке ықпалын бағалау;
- ұйымның ішкі және сыртқы жағдайына осындай ықпалдың шекараларын белгілеу;
- есепке енгізілуі тиіс тақырыптарды анықтау және олар бойынша ұсынылатын ақпараттар көлемін анықтау мақсатында, анықталған аспектілерге қатысты приоритеттердің маңыздылығына қарай белгілеу;
- ұйым қызметінің елеулі аспектілерін басқару саласындағы тәсілдемелер туралы мәліметтерді, сондай-ақ оларға қатысты көрсеткіштерді ашу.

ESG есебінде ұйымның өзінің және, орналастырылған акциялардың жалпы санынан немесе төленген жарғылық капиталының 50 және одан аса пайызын иеленген, кез келген заңды тұлғаның қызметі мен көрсеткіштері ашылу қажет.

Сандық көрсетілімдегі операциялардың нәтижелері бақылаудағы компаниялардың мәліметтері, азшылық үлесін ескерусіз, қамтуы тиіс. Аффилиирленген, бірақ консолидацияға қосылмаған, компаниялар туралы ақпарат ESG стратегиясын және ұйым қызметінің нәтижелерін түсіндіру үшін қажетті көлемде берілуі тиіс.

Осы Әдістемеге сәйкес ашылуы талап етілетін, ақпарат ұйым дайындаған басқа есептерде, мысалы, оның жылдық есебінде немесе, міндетті немесе ерікті түрде құрастырылған, өзге есеп берушілікте мазмұндалуы мүмкін. Бұл жағдайда ұйым қалауы бойынша ESG есебінде ашылған ақпаратты келтірмей, тиісті ақпаратты мазмұндайтын, құжатқа сілтеме бере алады.

Ашылуы талап етілетін ақпарат ұйымның қызметіне жатқызылмаса, және/немесе қандай да бір себеппен оның ашу мүмкін болмаса, ол туралы ескерту жеткілікті болады.

ESG есебі құпия және инсайдерлік ақпаратты, сондай-ақ коммерциялық құпияны құрайтын, немесе басқа да көпшілікке таратылмайтын өзге ақпаратты мазмұнадамауы тиіс.

3. ESG есебін ұсыну

Ұйым өзінің ESG есебін Биржаға интеграцияланған жылдық есеп құрамында немесе Биржаның электрондық құжатайналым жүйесі арқылы жеке құжат ретінде ұсына алады.

ESG есебін ұсынған сәттен бастап осы есеп көпшілікке қолжетімді ақпарат болып саналады. Ұйымдардан алынған ESG есептері, Биржаның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіпте, Биржаның интернет-сайтында жарияланады.

Биржа, сондай-ақ, ұйымдарға ESG есебін тарату үшін инвесторлармен және қоғаммен коммуникацияларының өз әдістерін пайдалана алады.

3 тарау. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ КРИТЕРИЙЛЕРІ БОЙЫНША АҚПАРАТ

ESG есебі экологиялылық критерийлері бөлігінде төменде берілген, есептік кезеңде ұйымның қызметі аясына қолданымды, ақпараттарды ашып, сондай-ақ, осы Әдістеменің 1 қосымшасында экологиялық жалпы сұрақтардың тізімі мазмұндалған, қызметтің өзекті көрсеткіштері (KPIs) нысанында берілген ақпаратты қамтуы тиіс.

1. Қолданылған материалдар.

Ұйымның экология тұрғысынан шаруашылық жүргізудің қауіпті түрін жүзеге асыруы және өзге қызметі, арнайы табиғатты пайдалану құқығына ие болуы туралы ақпарат мәлімденеді. Сондай-ақ, есептік жылда ұйыммен негізгі өнімдерді (бұйымдар, көрсетілген қызметтер) өндіру және жаңартылмайтын және жаңартылмалы материалдармен орау барысында жаратылған, сондай-ақ қауіпті материалдарды қолдануы, олардың қауіптілік класы көрсетіліп, және ұйымның оларды пайдалануда және оларды болжамды ауыстыру/қауіптілік класын төмендету бойынша қолданған шараларын атаумен, тиісті (көпшілік қабылдаған) өлшем бірліктерімен материалдардың жалпы массасы немесе көлемі туралы ақпарат.

2. Өнімдер мен қызметтер.

Есептік жылда қоршаған ортаға ұйымның өнімінің (бұйымдарының, көрсетілген қызметтері) ықпалының азаю немесе көбею дәрежесі туралы сандық мәліметтер ашылады және жобалау үдерісіндегі экологиялық аспектілер. Өнімнің (бұйымдардың) және оның орам материалдарының әр тауарлық санат бойынша кәдеге жаратылуының пайыздық үлесін, сондай-ақ, қайта өндірілген немесе жаңартылған материалдардан өндірілген өнімдердің (бұйымдардың) үлесін көрсету қажет. Ұйым шығаратын өнімнің (бұйымның) экологиялық маркалануының бар-жоғы туралы мәлімдеу қажет.

3. Қалдықтарды басқару.

Есептік жылда ұйымның қолда бар қауіпті және қаіпсіз қалдықтарының, олардың классификациясын көрсетумен, тиісті (көпшілік қабылдаған) өлшем бірлігімен жалпы массасы, сондай-ақ, оларды жою (зарарсыздандыру, утильдеу, көму) әдістері мен тәсілдері туралы ақпарат ұсынылады. Ұйымның тасымалдаған, импортталған, экспортталған, өңдерлеген қауіпті қалдықтарының тиісті (көпшілік қабылдаған) өлшем бірліктерімен жалпы массасы туралы ақпараттарды және олардың ішіндегі ішкі және халықаралық тасымалдаулардың пайызы ашу қажет.

4. Суды тұтынушылық.

Есептік жылда негізгі қызметті жүзеге асыру үшін ұйыммен қолданылған тиісті (көпшілік қабылдаған) өлшем бірліктерімен судың жалпы көлемі келесідей көздер бойынша көрсетіледі: беткі сулар, жерасты сулар, ұйыммен жыналып сақталатын, жаңбырлы сулар, басқа ұйымның ағын сулары, коммуналды және басқа да сумен қамту жүйелері. Ұйымның

осындай тұтынуы судың көзіне елеулі ықпалын тигізетінін немесе тигізбейтінін, осындай көздің биологиялық түрлілігі, осы су көзі мемлекеттік табиғи-қорық санатына жатқызылған ба, оның құндылығы және жергілікті тұрғындар үшін маңыздылығын сипаттау қажет. Ұйымның қайталап қолданған судың жалпы көлемі тиіст (көпшілік қабылдаған) өлшем бірлігімен және оның ұйыммен тұтынған көлемдегі үлесі, сондай-ақ өндірістің су тиімділігінің көрсеткішін (шығарылатын өнімнің бір бірлігіне пайдаланылған судың көлемі) есептеу қажет.

5. Энергия тұтынушылық және энергиялық тиімділік.

Ұйымның есептік жылда жалпы энергия тұтынуы туралы ақпараттарды, қолданылатын энергияның түрлері бойынша жаңаланбайтын және жаңаланатын энергияның тиісті (көпшілік қабылдаған) өлшем бірліктермен көрсетіп, сондай-ақ, ұйымның есептік жылда энергияны үнемдеу және энергиялық тиімділік бойынша бастамалар ретінде қолжеткізген энергиятұтынушылықтың жиынтық азаюы туралы ақпараттарды ашу. Өндірістің энергиялық тиімділіктің көрсеткіші келтіріледі (шығарылатын өнімнің бір бірлігіне энергиялық ресурстарды қолдану).

6. Ластайтын заттардың апаттық және тұрақсыз лықсымалары.

Есептік жылда ұйым тарапынан әрекеттер/әрекетсіздік салдарынан орын алған, ластайтын заттардың тіркелген лықсымаларының жалпы саны және жалпы көлемі тиісті (көпшілік қабылдаған) өлшем бірліктерімен көрсетіледі. Лықсымалардың орны мен оның мәртебесі, лақтырылған заттың сипаттамасы (май, жанармай, химиялық реагенттер, өзге заттар), осындай лықсыманың қоршаған ортаға әсері, оның салдарын жою әдістері мен амалдары туралы ақпараттарды ұсыну қажет.

7. Ағын суларды лықсымалау.

Ұйымның есептік жылдағы ағын суларды лықсымалаудың жоспарлы және жоспардан тыс жалпы көлемі тиісті (көпшілік қабылдаған) өлшем бірліктерімен, су тарту орны, сапасы, ағын суларды тазалау әдісін (әдістерін) атаумен, көрсетіледі. Су нысандары және онымен байланысты, ағынды суларды лықсымалаудың елеулі ықпалы тиетін, тіршілік ортасы туралы ақпараттар, географиясы, алып жатқан алаңы, мәртебесі және биологиялық әртүрлілік үшін құндылығы туралы ақпараттар ашылады.

8. Ұйымның есептік жылда жылыжайлық газдар мен ластайтын басқа заттарды атмосфераға тікелей немесе жанама түрде лықсымалауы тиісті (көпшілік қабылдаған) өлшем бірлігімен жалпы көлемі, олардың түрлері және жиілігі, рұқсат етілген шектелімдер және оардан асып түсуі (егер есептік жылда осындай орын алса). Ұйымның лықсымаларды жою бойынша қолданған шаралары және олардың азаюы тиісті (көпшілік қабылдаған) өлшем бірліктерімен көрсетіліп, аталмыш көрсеткіштерді есептеу әдістемесі келтіріледі.

9. Қоршаған ортаны қорғау.

Ұйымның есептік жылда қоршаған ортаны қорғауға жұмсалған жалпы шығындары туралы ақпарат, қалдықтарды жою, лақтырындыларды тазалау, экологиялық залалды жою, қоршаған ортаға жағымсыз ықпалдың алдын алу бойынша шығындар бойынша бөліп көрсетіліп, ұсынылады.

Ұйым қоршаған ортаға нақты және әлеуетті кері әсерін тигізетін жеткізушілермен жұмыс істей ма, олардың осындай сипаттағы жеткізушілердің жалпы санына қарағандағы саны мен пайызы қанша екендігін көрсету қажет. Ұйымдардың қызметінің қоршаған орта үшін жағымсыз іс-әрекеттерінің салдарын төмендету және оның сапасын жақсарту жөніндегі шаралар ұсынылуы мүмкін. Ұйым өз қызметін жүзеге асыратын нысандар мен аумақтарда экологиялық мониторинг жүргізе ма, сондай-ақ төтенше жағдайда әрекет ету жоспарын, ластанудың алдын алу саясаты және аталмыш жағдайды басқару жоспарын қоса, ұйым қоршаған ортаны қорғауды басқару жүйесін енгізген бе сол туралы хабарлауы тиіс. Ұйымның табысты жұмыс істеуіне және оның өнімдері және/немесе қызметтеріне әсер ететін, климаттың өзгеруінің алдын алу немесе оның өзгеру салдарына бейімделу үшін пайдаланатын шаралары туралы баяндауы қажет.

10. Биологиялық әртүрлілік.

Ұйымның өнімді шығару (өнімдер, қызмет көрсету) кезінде қызметін жүзеге асыратын

аумақтанғы биологиялық әртүрлілігіне әсер етуіне, қоршаған ортаға айтарлықтай тікелей, жанама және кумулятивті, жағымды және кері әсерін көрсете отырып, объективті сипаттама ұсынады. Қызметін жүзеге асырып отырған географиялық орны мен аумақтың мәртебесін көрсетуді, онда орналасқан өсімдік әлемі мен жануарлар түрлерінің санын, сонымен қатар, халықаралық және ұлттық кітаптарға енгізіліп қорғалатын түрлерін, олардың ұйымның қызметінің әсерінен жойылу қаупінің деңгейін көрсетуді талап етеді.

11. Экологиялық талаптарына сәйкес келуі.

Ұйымның экологиялық заңдарға қойылатын талаптарына сәйкес ақпарат, салынған айыппұлдардың жалпы сомасы және қаржылық емес санкциялар жағдайының саны, оның ішінде есептік жылы ұйымның экологиялық заң талаптарын бұзғаны үшін қолданылған шектеу шаралары, есептік жылы қоршаған ортаға әсері үшін берілген шағымдардың саны, ондай кемшіліктердің, санкциялар мен шағымдардың сипаты, оларды реттеу туралы мәліметтер көрсетіледі. Ұйымдардың есептік жылы орын алған ластаушы заттарды шығарып тастауы, тастауға болатын қалдықтардың нормативі, өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастыру нормативтерін бұзу жағдайларын көрсету қажет. Ұйымда соңғы экологиялық аудит және міндетті экологиялық аудит нәтижелері бойынша жасалған негізгі қорытындылар жөніндегі жағдайларды көрсету қажет.

4 тарау. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК ӨЛШЕМДЕРІ БОЙЫНША АҚПАРАТ

Әлеуметтік жауапкершілік өлшемдеріне қатысты ESG есептілігі есептілік кезеңде ұйымның қызмет саласында қолданылатын, төмендегі ақпаратты ашуы тиіс, және тізілімі жалпы әлеуметтік мәселелер бойынша осы Әдістеменің 1 қосымшасындағы жалпы әлеуметтік мәселелер бойынша негізгі қызмет көрсеткіші нысанындағы (KPIs) ақпаратты қоса көрсетуі тиіс.

1. Жұмыспен қамту. Тарау

Есеп беру күніндегі жағдай бойынша ұйымдағы қызметкерлердің жалпы саны жасына, жынысына, географиялық аймағына қарай, оның ішінде есептік жылы жұмысқа қабылданған қызметкерлердің санымен бірге көрсетіледі. Кадрлардың тұрақтамау жағдайы және оның себебі сипатталады. Ұйым өз қызметкерлеріне әлеуметтік пакет ұсына ма, егер ұсынса қандай түрі, ол пакет уақытша және толық емес жұмыспен қамтылған қызметкерлерге беріле ма, сол туралы хабарлау қажет. Сондай-ақ есептік жылы ана/әке ретінде демалыс алған және демалыстан оралған қызметкерлердің жалпы саны көрсетіледі. Ұйым қызметкерінің оның қызметіне байланысты айтарлықтай өзгерістер туралы ұйым қызметкерінің минималды мерзімі туралы ақпараты ұсынылуы тиіс.

2. Денсаулық және жұмыс орнындағы қауіпсіздік туралы.

Есептік жылы жарақат алған қызметкерлер туралы мәлімет ұсынылады, уақытша жұмысқа жарамдылық қабілетін жоғалтқан жарақат алу жиілігі коэффициенті (LTIFR), жазатайым жағдайлардың ауырлығы коэффициенті (LTAFR), өлім жағдайын әкеп соққан жарақат алу коэффициенті, жоғалтқан күндер коэффициенті, жұмыс орнында болмаған күндер коэффициенті, ұйымның өндірісінде орын алған өлім жағдайына әкеп соққан жазатайым оқиғалардың саны, оның ішінде ұйымның нысандарында жұмыс істеуші тәуелсіз мердігерлерде орын алған оқиғалар саны аймақтарға және жынысына қатысты бөліа көрсетілуі тиіс. Өндірістегі жазатайым оқиғаларды тіркеу кезінде қолданылатын ережелер жүйесі, өрт қауіпсіздігі туралы мәліметтерді қоса, тиісті есептілікті қалыптастыру туралы мәліметтер берілуі тиіс. Сонымен қатар, ұйымда жарақат алу немесе белгілі бір аурумен ауру қаупі жоғары қызмет түрі бар ма, болса көрсету қажет. Кәсіподақпен денсаулық және қауіпсіздік мәселелері жөнінде ресми келісім жасалған ба. Есептік жылы ұйымда орын алған өрт жағдайлары туралы мәлімет, қауіпсіздік техникасы туралы тренинг іткізу жиілігі, өрт сөндіру құралдары және олардың түрлерінің болуы көрсетіледі.

3. Дайындық және білім беру.

Ұйымның бір қызметкерге бір жылдың ішінде бөлген білім берудегі орташа саны қызметкерлердің санаты мен жынысына бөліп көрсетіледі. Ұйымда қызметкерлердің білімін жетілдіру жөніндегі бағдарламалардың болуы, олардың түрлері мен сипаты, сондай-ақ өз қызметін зейнетке шығу немесе қызметін тоқтату нәтижесінде жұмыстан кеткен

қызметкерлерге көмек көрсету бағдарламасы туралы ақпарат беріледі. Қызметкерлердің жынысы мен санаты бойынша есептік жыл ішінде ресми бағалау нәтижесінен өткен қызметкерлердің барлық санынан пайызы көрсетіледі.

4. Әр түрлілік және тең мүмкіндіктер.

Түрлі санатқа жататын, ұйымдардың қызметкерлерінің жалпы санынан үлесі (пайызбен) көрсетіледі: жынысы; жас тобы: 30 жасқа дейін, 30–50 жас, 50 жастан жоғары; әртүрліліктің басқа да белгілері. Ұйымдардың әрбір қызметкерлер санаты үшін ерлердің базалық сыйақы мөлшерлемесіне қатысты әйелдердің базалық сыйақы мөлшерлемесі туралы аймақтар бойынша қызметті жүзеге асыру туралы мәліметтер ұсынылуы тиіс. Есептік жыл бойы ұйым қызметкерлерін кемсіту жағдайларының жалпы саны туралы мәліметтер, ондай жағдайлардың мәртебесі және қабылданған шаралар келтіріледі.

5. Еңбек жағдайларының тәжірибесі.

Есептік жылы еңбек қатынастарын бұзғаны үшін берілген шағымдардың жалпы саны, ондай шағымдардың мәртебесі, сондай-ақ ұйымдағы бар шағым беру жүйесінің қысқаша сипаттамасы көрсетіледі. Есептік кезеңде саясат немесе адам құқығы аспектілерін ұйымдастыру қызметімен байланысты процедураларға оқыған қызметкерлердің жалпы сағат саны ұсынылуы тиіс. Балалар еңбегі мен мәжбүрлі еңбекті пайдалану қауіпі бар, жас қызметкерлердің қауіпті жұмыстарды атқару жағдайлары бар ұйымдардың бөлімшелері мен оның жеткізушілері көрсетіледі.

6. Ықпал ету ортасындағы елді мекендер.

Жергілікті тұрғандарға жеңіл әсер ететін немесе оны болдырмауға бағытталған, ұйымның басқару жүйесі мен процесстері туралы мәліметтер келтіріледі. Жергілікті қауымдастықпен өзара әрекет ету өтінімі, саясаты немесе кодекстері көрсетіледі, оған қоса қауіпсіздік күшін пайдалану, ұйым қызметкерлерінің мінез құлқы және жергілікті халықпен және/немесе за топтарға жүгіну жағдайлары көрсетіледі.

Ұйым жобасының қызметке нақты әсер етуі немесе жергілікті халықтың қауіпсіздігі мен өмір сүру құралдары туралы, оның ішінде құқық қорғау күзетінің қызметін пайдалану арқылы мәжбүрлеп көшіру және күш қолдана отырып, көшіріп жіберу туралы ақпараттар ашылады.

7. Жемқорлыққа қарсы тұру.

Ұйымдарда жемқорлыққа қарсы ішкі саясат пен қарсы тұру әдістері ашылады. Жемқорлықпен байланысты ұйымдар үшін анықталған тәуекелдер туралы мәліметтерді ұсыну қажет. Жемқорлықпен байланысты тәуекелді бағалау жүргізілген ұйымдардың бөлімшелерінің саны мен жалпы пайызын көрсету, жемқорлық саясаты мен оған қарсы тұру әдістемесі бойынша оқыған және ақпарат алған аймақтар мен қызметкерлер санаты бойынша бөліп көрсету қажет. Сонымен қатар, жалпы саны мен жемқорлық жағдайының сипаты туралы, Жемқорлықпен байланысты заң бұзушылықтар есептік жыл ішінде ұйымдарға және оның қызметкерлеріне қатысты қолданылған шараларды көрсету қажет.

8. Заң талаптарына сәйкес келуі.

Заң талаптарын бұзғаны үшін ұйымдарға қатысты қолданылған, шектеу шаралары, салынған айыппұлдардың жалпы көлемі мен қаржылай емес санкциялардың саны туралы мәліметтер келтіріледі. Сонымен қатар, есептік жылы бәсекелестікке кедергі және монополияға қарсы заңды бұзушылықтармен байланысты, орын алған жағдайлардың жалпы саны, сондай-ақ ондай жағдайлардың негізгі нәтижелерін көрсету қажет.

9. Өнім үшін жауапкершілік.

Ұйымдардың өнімдерді шығаруда (өнімдер, көрсетілген қызметтер) денсаулық және қауіпсіздік заң және кодекс талаптарына қатысты өнімдер туралы ақпараты мен қасиеті туралы белгілеулер (өнімдер, көрсетілген қызметтер), маркетингтік коммуникация, оған қоса жарнама, есептік жылы оны іске қосу және демеушілік сәйкес келмеу жағдайлары көрсетіледі, сонымен қатар, айыппұл салуға, өтеуге, ескертуге әкеп соққан жағдайлар қоса көрсетіледі. Ұйымның кейбір нарықта тыйым салынған товарларды сата ма, мүдделі тараптарды сұрақ туындады ма немесе бұқаралық талқылау мәні болып табыла ма, сондай-ақ ұйым сқрақтарға қалай жауап береді немесе сол товарлар бойынша қауіп

туындай ма соны да көрсетуі қажет. Есептік жылы ұйымда ақаулы өнімдерді (өнімді) қайтару жағдайлары болды ма сол туралы мәліметтер келтіріледі .

10. Жеткізушілер.

Жеткізушілер тізбесіне жағымсыз әсер ететін экологиялық және әлеуметтік жағдайларды күшейту шаралары, оған қоса еңбек шартына мониторинг жүргізу, жойылған және қайта қалпына келтірілген шикізатты пайдаланушы тікелей жеткізушілердің қызметінен экологиялық зардаптары, сондай-ақ пайдалану үшін айтарлықтай маңызды және жеткізуде шектеуқауіне ілінген материалдарды қысқарту, шаралары келтіріледі.

11. Тұтынушылардың жеке өмірі.

Ұйымдардан түскен тұтынушылардың жеке өміріне қол сұқпауды бұзуға қатысты негізделген шағымдардың жалпы саны, негіздемесе ұйыммен тексерілген, сыртқы тараптардан түскен шағымдарды бөлек және бақылаушы органдардан түскен шағымдарды бөлек көрсете отырып, тұтынушылар туралы ұрлау, жоғалту жағдайларының жалпы саны туралы хабарлау.

5 тарау. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ АҚПАРАТ

Корпоративтік басқаруға қатысты ESG есебі есептік кезеңде ұйымның қызметі саласында пайдаланылатын төменде көрсетілген ақпаратты ашуы керек, және корпоративтік басқару мәселелері бойынша осы Әдістеменің 2 қосымшасында баяндалған қызметінің негізгі көрсеткіштері нысанындағы ақпаратты (KPIs) қоса көрсетуі тиіс.

1. Ұйымның корпоративтік басқару жүйесі.

Корпоративтік басқару жүйесі және оның қағидалары сипатталады.

ESG саясаты мен ұйымның Этика кодексін және/немесе Корпоративтік этика саясатын сақтауды қамтамасыз етуші ұйымдағы қолданыстағы жүйесі баяндалады. Мерзімдік шолу процесі және директорлар кеңесінің деңгейінде ESG сақтауына қадағалауды (қадағалау кеңесі) және корпоративтік басқару мен тұрақтылық жөніндегі тиісті комитеттерді қоса көрсетеді.

Ұйымның корпоративтік басқару кодексі ережесін сақтауы туралы есеп және/немесе оған сәйкес келмеу жөнінде ақпарат және/немесе есептік жылы оған сәйкестігі жөнінде есеп беріледі.

2. Ұйымның корпоративтік басқару құрылымы.

Ұйымның органдарының құрылымы және олардың заңдарға, жарғыға, басқа да құжаттарға сәйкес олардың құзіреті толық сипатталады.

Сонымен қатар, ұйымның директорлар кеңесінің (қадағалау кеңесі) барлық комитеттерінің атаулары, олардың қызметтері мен құзіреттері, өткізілген жиналыстардың саны және олардың есептік жылы негізгі нәтижелері көрсетіледі.

3. Ұйымның директорлар кеңесі (қадағалау кеңесі).

3.1. Директорлар кеңесінің мүшелері (қадағалау кеңесі) туралы ақпарат.

Ұйымның директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің (қадағалау кеңесі), директорлар кеңесінің төрағасының (қадағалау кеңесі) және тәуелсіз директорлардың аты, жөні, тегі, туған жылы жазылады; соңғы үш жылдағы және қазіргі уақыттағы директорлар кеңесінің мүшелерінің атқарған лауазымы, оның ішінде атқарған қосымша жұмыстары хронологиялық тәртіппен қызмет саласын көрсете отырып, сондай-ақ ұйымдардың оларға тиесілі акциялары (жарғылық капиталына қатысу үлесімен) және/немесе оның еншілес және тәуелді компанияларының саны туралы мәліметтер, директорлар кеңесінің комитеттеріне (қадағалау кеңесі) қатысу, функционалдық уәкілеттіктер мен міндеттер.

директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің (қадағалау кеңесі) биографиялық мәліметтерін, олардың алған білімі мен тәжірибесі туралы, оның ішінде экология және әлеуметтік

жауапкершілік саласында тәуекелді талдау бойынша білімдері туралы ашып көрсету қажет.

Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің (қадағалау кеңесі) өткізген жиналыстарының саны және олардың есептік жылғы негізгі нәтижелері туралы мәліметтер беріледі.

3.2. Үміткерлерді ұсыну.

Ұйымның, оның комитеттерінің Директорлар кеңесінің мүшелігіне (қадағалау кеңесі), үміткерлерді ұсыну және таңдау тәртібі, сонымен қатар, әртүрлілікті ескере отырып, үміткерлерді ұсыну және таңдау кезінде пайдаланылатын өлшемдері келтіріледі, сондай-ақ гендерлік әртүрлілік, тәуелсіздік, кәсіби біліктілік пен тәжірибе қоса көрсетіледі, бірақ онымен шектелмейді. Мүдделер қайшылығын болдырмас үшін және оларды басқару үшін Директорлар кеңесі (қадағалау кеңесі) пайдаланатын рәсімдер ұсынылуы тиіс.

3.3. Жұмысты бағалау.

Директорлар кеңесі (қадағалау кеңесі) ұйымның экономикалық, экологиялық, әлеуметтік мәселелермен және корпоративтік басқару мәселелерімен байланысты тәуекелді басқару әдістерінің тиімділігіне талдауы көрсетіледі. Директорлар кеңесі (қадағалау кеңесі) қызметін бағалау тәсімі туралы мәліметті ұсынуы қажет, сондай-ақ ондай бағалау тәуелсіз түрде жүргізілуі және жиі қолданылуы көрсетіледі.

3.4. Мәселелер туралы ақпарат беру.

Есептік жылы Директорлар кеңесіне (қадағалау кеңесі) қарауға ұсынылған, Директорлар кеңесіне (қадағалау кеңесі) ұйымдағы аса маңызды қаржылық және қаржылық емес проблемалардың пайда болуы және проблемалардың саны туралы ақпараттандыру рәсімі туралы мәлімет ұсынылады.

3.5. Экологиялық және әлеуметтік мәселелер.

Директорлар кеңесінің (қадағалау кеңесі) тарапынан ұйымдар мен негізгі мүдделі тұлғалар арасында тиісті диалогпен қамтамасыз ететін, экологиялық және әлеуметтік мәселелерге қадағалау және/немесе, экологиялық, әлеуметтік стратегия және саясатпен қоса, мамандандырылған комитеттердің ұйымда болуы туралы, сондай-ақ коммуникация және шағымдарды қарастыру тетіктерінің тиімділігіне бақылау туралы ақпарат беріледі.

